**Шағын кәсіпкерлік субъектілерінен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) түрлерінің 2000 жылға арналған номенклатурасын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 2 қазандағы N 1486 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 сәуірдегі N 381 Қаулысымен

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.23* N 381 *Қаулысымен.*

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі N 163-1 Заңының 25-2-бабын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес шағын кәсіпкерлік субъектілерінен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын және мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен қаржыландырылатын барлық мемлекеттік органдар мен мекемелер үшін міндетті болып табылатын тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) түрлерінің 2000 жылға арналған номенклатурасы бекітілсін.

2. Мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік органдар мен мекемелер осы қаулыға қосымшада аталған тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде шағын кәсіпкерлік субъектілерінен осы тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатып алудың жалпы көлемінің 10 пайызға дейінгі мөлшерінде мемлекеттік сатып алуды заңнамада белгіленген тәртіппен ұйымдастырсын.

3. Осы қаулыға қосымшада көрсетілген тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) шағын кәсіпкерлік субъектілерінен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде отандық тауар өндірушілер басымдыққа ие болады деп белгіленсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

*Қазақстан Республикасының*
*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 2 қазандағы

N 1486 қаулысына қосымша

**Шағын кәсіпкерлік субъектілерінен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын тауарлар (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) түрлерінің номенклатурасы**

Азық-түлік тауарлары

Ұн
Нан, нан-тоқаш бұйымдары
Макарон бұйымдары
Жармалар
Сүт және кілегей
Сары май және өсімдік майы, тоң май
Ашыған сүт өнімдері
Шұжық бұйымдары
Балықтан жасалған өнімдер (жаңа ұсталған балық, ұсталған күйінде мұздатылған, қақталған балық)
Алкогольсіз сусындар, шырындар
Кондитерлік бұйымдар
Жұмыртқа
Табиғи бал
Көкөніс, жеміс (консервіленген)
Қант (құмшекер, шақпақ қант, кесек қант)

Өнеркәсіп тауарлары

Мехтан (табиғи, жасанды) тігілген киімдер және оның керек-жарақтары, мехтан тігілген бас киімдер, мех терілері
Тоқыма өнеркәсібінің өнімдері
Тігін бұйымдары
Аяқ киім
Аяқ киім майлары
Тұрмыстық, мектептік және кеңселік жиһаздар
Құрылыс материалдары:
тұсқағаздық қағаз (тұсқағаздар) және басқа қабырғалық жабындылар
шойын, болат құрылыс құрылғылары
кірпіш
кесілген ағаш материалдары
ағаштан жасалған бұйымдар
шыны пакеттер
пенопластикалық тақталар
асфальттан және соған ұқсас материалдардан жасалған бұйымдар

бетон және темір-бетон бұйымдары

пластмассадан жасалған құрылыс бұйымдары (есіктер, табалдырықтар, терезелер, кәсектер, терезе қақпақтары)

табиғи тастан жасалған қаптау материалдары мен бұйымдары,

табиғи тастан әзірленген толтыру, жолға төсеу материалдары (ұсақ тастар, қиыршық тастар)

полиэтилен құбырлары

Ағаштан, керамикадан (фарфор, фаянс) жасалған әшекейлі бұйымдар

Алюминийден жасалған бұйымдар

Жабдықтар:

стандартқа сай емес жабдықтар

шахта жабдықтары

Қызмет көрсетулер

Полиграфиялық қызметтер

Жөндеу-құрылыс жұмыстары

Көліктік-экспедициялық қызмет көрсетулер

Медициналық (стоматологиялық)

Күрделі тұрмыстық техниканы жөндеу

Ғұрыптық қызметтер

Заң және нотариалдық қызмет

Қоғамдық тамақтандыру қызметтері

Делдалдық, оның ішінде жанармай-жағармай материалдарын сақтау және сату жөніндегі қызметтер

Тұрғын үй-коммуналдық қызметтер

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК